

**№23 жалпы орта білім беретін мектеп бойынша қамқоршылық кеңес
отырысының кезекті облыстық президенттік шыршаға оқушыны
қатыстыру туралы**

Хаттама №2

13.11.2020ж

Қатысқандар:8

1. Аязбаева Злиха Макесовна- мектеп директоры
2. Есенғалиев Сағадат Нуркойшиевич -қамқоршылық кеңес төрағасы
3. Дарушева Алмагуль Шынбергеновна- кеңес мүшесі
4. Укпегазиев Нурлан Сокирович - кеңес мүшесі
5. Құтышев Амангелді Мергенұлы-кеңес мүшесі
6. Байтілеуов Ерболат Бағдаулетұлы-кеңес мүшесі
7. Шаханов Қаби Жаксыбаевич-кеңес мүшесі
8. Губайдуллина Мирамгуль Салауатовна-әлеуметтік педагог

Күн тәртібінде:

1. 2021-2022 оқу жылында толық жетім, жартылай жетім, аз қамтылған, көп балалы отбасы оқушыларын Жаңа жылдық шыршаға қатыстыру туралы.

Тыңдалды:

Мектеп директоры Аязбаева Злиха Макесовна күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз бастады. Ол өз сөзінде жыл сайын өткізілетін облыстық шыршаға мектебіміз бойынша осал топтан шыққан отбасы балаларының тізімін алдын ала Қамқоршылық кеңес мүшелеріне таныстырылып айтылу керек. Бұрын президент шыршасына бармаған оқушы бару керектігін жеткізді. Атырау облысы Білім беру басқармасы Қазақстан Республикасы Президенті атынан ұйымдастырылатын Жаңа жылдық шыршаға қатысуы туралы 2021 жылғы 11 қарашадағы №3504 хаты негізінде Президент атынан ұйымдастырылған Жаңа жылдық шыршаға мектептегі осал топтан шыққан оқушыны Қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірігіп анықтау хатымен таныстырды. Осы хат негізінде Қамқоршылық кеңес мүшелеріне сөз кезегін берді.

Сөйлеушілер:

1.Мектебіміздің әлеуметтік педагогы Губайдуллина Мирамгуль Салауатовна сөз сөйледі. Ол өз сөзінде мектеп бойынша осал топтан шыққан отбасы жағдайларымен, санаттарымен таныстыра отырып толық жетім отбасы баласы Бақтығалиева Диананы ұсынатынын айтты. Анасы қайтыс болған, әкесі жазасын өтеуде. Бақтығалиева Диана өзін қосқанда отбасында 2 бала бар.Үйіндегі